

АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕНІ WEB – ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫМЕН ҚҰРУ ЖОЛДАРЫ

Султанова Г.А., Турмуратова Д.А., Жумагулова С.К.

академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан

E-mail: gasultanova@mail.ru

Адамзат қоғамын алға апаратын күдіретті күш білім. Білім беру деңгейін жоғарылату, ақпараттандыру – бүгінгі заман талабы. Ақпараттандыруды жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыту, тұлғанының алға қойған мақсаттарын жүзеге асыра отырып, тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді. Қазіргі заманда ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет, өйткені жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Ақпараттық технология ЭЕМ –нің өңдеу жұмыстарымен іске асады. ЭЕМ-де іс жүзінде ақпарат алмасуды құрудың бірыңғай стандарты болмады. Компьютерлердің аппараттық және бағдарламалық қорының дамуымен желілік технологиялар да жаңдандырыла басталды. Басында мәліметтерді беру жүйесі коммерциялық, әскери және ғылыми мақсатта құрылды, содан кейін желіні пайдалану ортасы ұлғая түсті. Қазіргі уақытта компьютерлік желілер біздің өміріміздің бір бөлігі болып табылады, оларды пайдалану облысы адам қызметінің барлық сфераларын қамтиды. Компьютерлік желілердің дамуы ЭЕМ-нің дамуымен және телекоммуникация жүйелерінің дамуымен байланысты. Ақпаратпен жұмыс жасау концепциясын web–технологиялар дейді.

Компьютерлік желілер web–технологиялардың техникалық негізі болып табылады. Сонымен қатар web-технологиялар ақпаратты жеткізу құралы ретінде адам мен компьютер арасындағы әмбебап интерфейс болып табылады. Web-интерфейс ақпаратты алу құралы ретінде қолданылады. Интернетті техникалық көзқараспен айтар болсақ, бұл ауқымды және жергілікті желілер бірлестіктері. Кең мағынасында - бұл бір-бірімен мәліметтермен алмасатын жер жүзіндегі миллиондаған компьютерлер арасында бөлінген ақпараттық кеңістік. Сонымен қатар ең күшті және тәуелсіз ақпарат қоры, байланыстың сенімді және оперативті тәсілі.

Компьютерде web-сервер орнатылуы мүмкін және осы компьютерде браузермен және пошталық клиентпен де жұмыс жасауға болады. Интернет ішінен керекті ақпаратты іздеп табуға мүмкіндік беретін жолдарды қарастырып өтейік. Word wide web (www), яғни "дүниежүзілік өрмек" бүкіл дүние жүзіне ақпаратты іздеп шығатын гипермәтіндік жүйе болып табылады. Қазіргі кездегі түрлі ақпарат алуға болатын кең тараған жүйе ретінде www есептеледі және пайдалану жеңіл, ыңғайлы. Web құжаттарының бір ортақ қасиеті, олардың барлығы да HTML тілінде жазылған. HTML – гипермәтіндік белгілеу тілі, ол кәдімгі мәтіндерді web-парақтар түрінде бейнелеуге арналған. Компьютерлер арасында мәлімет алмасу HTTP гипермәтінді тасымалдау хаттамасы арқылы іске асады. Осы хаттамамен қатар HTTP серверлерінің кеңейтілген желілері болып табылатын Интернет арқылы файлдар тасымалдай алатын www іске қосылды. Бұл файлдардың басым көпшілігі web-парақтар түрінде, HTML тілінде файлдар түрінде жазылғандықтан, бұл файлдарды HTTP серверлерінде орналастыру немесе браузер яғни, арнайы көрсету бағдарламалары арқылы web-парақтар интернетте жарияланады. HTML құжаты тегтерден тұратын мәтіндік файл болғандықтан, тегтер web - браузерге мәтінді экранға шығару жолдарын көрсетеді. Web - парақтар экранда ықшам түрде безендіріліп көрсетілгенімен, HTML тілі мәтіндерді пішімдеп көрсететін тілге жатпайды.

Ақпараттық жүйені құруда және өңдеуде қолданылатын әдістерді құру қажеттілігі тақырыптың өзектілігін негіздейді. Бұл әдістерді тәжірибеде іске асуы ақпараттық жүйелердің өңдеу үшін келесі сапаға ие болатын, бағдарламалық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді:

- ақпараттық жүйелерді web-технологияларымен құру;
- ақпараттық жүйелерді құруда және оны пайдаланушы интерфейсін құрайтын құрал ретінде web-парақтарды өңдеу.

Web-технологияларымен ақпараттық жүйелерді құру үрдісін өңдеуге мүмкіндік беріледі. Web-технологиялары арқылы HTML және Php тілдерінде ақпараттық жүйелерді құруға мүмкіндік беретін бағдарламалық қамтамасыз ететін орта жасалады.

Әдебиеттер тізімі

1. Тукеев У.А. Программирование web приложений информационных систем. Учебное пособие. – Алматы: КазНУ 2012. -с.20-35.
2. Бөрібаев Б. Web-технология . Оқу құралы. –Алматы: ҚазҰУ, 2014. –6.40-55.
3. Воякин Е.А. О подходе к комплексной автоматизации построения информационных систем на базе Web-технологий. [Электронный ресурс] / Электрон, текстовые данные. - М., 2005. - Режим доступа: <http://www.mgul.ac.ru/journal/ru/>.